

**«СҚО әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ  
«Облыстық қан орталығы» ШЖҚ МКК**

директорының  
2025 жылғы 05 кантардағы

№ 3 бүйрекімен

**БЕКІТІЛГЕН**

С.А. Таукелов

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау  
басқармасы» КММ «Облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК  
сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы  
ереже**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Облыстық қан орталығы» ШЖҚ МКК сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы үлгі ереже (бұдан әрі - Ереже) «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Занының (бұдан әрі - Зан) 16-бабының 3-тармағына сәйкес өзірленді.

2. Осы Ереже «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Облыстық қан орталығы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылымдық бөлімшелердің немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функциялары мен өкілеттіктерін айқындайды.

3. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау - сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мұдделер қақтығысы - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындаудына және (немесе) тиісінше орындаудына әкеп соғуы мүмкін;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - заңмен әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі - сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу - сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін өзірлеу және енгізу арқылы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын калыптастыру мен іске асыруды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

4. Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын негізгі міндеті осы ұйым мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сактауын қамтамасыз ету болып табылатын офицер Комплаенс атқарады.

5. Комплаенс-офицер Кәсіпорынның дербес лауазымды тұлғасы болып табылады және тікелей Кәсіпорын басшысына бағынады.

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі өз өкілеттіктерін Кәсіпорынның лауазымды тұлғаларына қарамастан жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын Кәсіпорынның басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен қоса атқаруға жол берілмейді.

## **2-тaraу. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері**

9. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі қызметінің негізгі мақсаты Кәсіпорын мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сактауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) Кәсіпорын мен оның қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) Кәсіпорындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуі қамтамасыз ету;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуші талаптардың және ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

5) Занға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

11. Кәсіпорын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделелілігі;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің акпараттық ашықтығы;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін ұдайы арттыру.

12. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

1) мыналарды әзірлеуді қамтамасыз етеді:

сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі саясаты;

Кәсіпорын қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықтар;

Кәсіпорындағы мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;

сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты;

сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі іс-шаралардың ішкі жоспарын;

Кәсіпорын қызметкерлерін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;

корпоративтік этика және мінез-құлыш мәселелерін регламенттейтін құжат;

2) Кәсіпорындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өндөуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

3) «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бүйрығымен бекітілген Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес Кәсіпорын қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және Кәсіпорынның бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша өткізілетін Кәсіпорын қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

5) Кәсіпорында анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою жөнінде қабылданған шараларға мониторингті жүзеге асырады;

6) Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

7) Кәсіпорын қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

8) Кәсіпорын қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік этика мен мінез-құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

9) Кәсіпорын ұжымында жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға теңестірілген адамдардың Занда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;

11) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің орындауына мониторинг жүргізеді;

12) мұдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде, оның ішінде Кәсіпорынды жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процесстер мәселелерінде шаралар қабылдайды;

13) Кәсіпорында сыйға тарту және сыйлықтар алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

15) Кәсіпорындағы сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шагымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді;

16) Кәсіпорындағы сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг және талдау жүргізеді;

17) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігін бағалауды жүргізеді;

18) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпаратын тұндайды;

19) Кәсіпорын басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, Кәсіпорын қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

20) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және занды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

13. Кәсіпорын басшысының шешімімен комплаенс-офицердің жұмыс тәртібі, еңбегіне ақы төлеу және өзге де еңбек жағдайлары айқындалады және оны тағайындау жүзеге асырылады.

14. Комплаенс-офицердің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереженің негізінде әзірленетін лауазымдық нұсқаулықтармен не қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындастырын құжаттармен айқындалады және оны Кәсіпорын басшысы бекіtedі.

15. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің атынан Кәсіпорынның басқа құрылымдық бөлімшелеріне жіберілетін құжаттар мен сұрау салуларға комплаенс-офицер қол қояды.

16. Комплаенс-офицер комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіби ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу жолымен кәсіби біліктілігін ұдайы арттыруы қажет.

17. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметі шенберінде:

1) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратты сұратады және алады;

2) өз құзыретіне жататын мәселелерді Кәсіпорын басшысының қарауына шығаруға бастамашылық жасайды;

3) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) Кәсіпорын басшысы мен қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

6) өз күзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

7) қызметкерлердің Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе әлеуетті мүмкіндігі туралы хабарлауы не Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізуі үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

18. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметін жүзеге асырган кезде:

1) Кәсіпорын және оның аффилиирленген тұлғалары туралы ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыйбайлас жемқорлыққа құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялышының сақтайды;

2) сыйбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, корпоративтік этика кодексін және Кәсіпорындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзге де ішкі құжаттарды бұзу бойынша өтініш жасаған адамдардың құпиялышының қамтамасыз етеді;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуына немесе әлеуетті мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы Кәсіпорын басшысын уақтылы хабардар етеді;

4) дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлыққа құқық бұзушылықтардың белгілі болған жағдайлары туралы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына жеткізеді;

5) Кәсіпорынның белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

19. Комплаенс-офицер:

1) ол алдыңғы үш жыл ішінде қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;

2) тексерудің әділдігіне нұқсан келтіруі мүмкін немесе осындай нұқсан келтіруші ретінде қабылдануы мүмкін қызметке қатысуға;

3) құпия ақпаратты жеке мүдделері үшін пайдалануға;

4) іскерлік әдеп нормаларын бұзуға;

5) нәтижесінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындай нұқсан келтіруші ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдауға және қызметтерді пайдалануға;

6) тексерулерге, қызметтік тексерулерге және мүдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін басқа да іс-шараларға қатысуға құқылы.

20. Кәсіпорын басшылығына:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға ықпал етуге, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуге;

2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін әкімшілік (ұйымдастырушылық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыруға, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дерекқорларға колжетімділікті) және өзге де тауарлармен, жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз етуге;

3) комплаенс-офицерге сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндігін беруге міндетті.

21. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы жұмыстағы өзара сыпайылық пен сыпайылық негізінде құрылады.

22. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке:

1) осы Ереженің 17-тармағының 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

3) туындаитын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

### **3-тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі**

23. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі сұрау салу бойынша белгіленген мерзімде Кәсіпорында қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

24. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі Кәсіпорын басшысының алдында мезгіл-мезгіл есеп береді.

25. Кәсіпорын басшысы тарапынан ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындаған кезде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Занының 24-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.